

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ
ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ

«EDU.E-HISTORY.KZ»

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



EDU.E-HISTORY.KZ
электрондық ғылыми журнал

EDU.E-HISTORY.KZ
электронный научный журнал

EDU.E-HISTORY.KZ
electronic scientific journal

Құрылтайшы:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты

Бас редактор

Әбжанов Ханкелді Махмұтұлы

Редакциялық алқа:

Р. Абдуллаев (Өзбекстан), Н. Аблажей (Ресей), Б. Аяған, М. Әбусейітова, С. Әжіғали,
Н. Әлімбай, Б. Байтанаев, Қ. Жұмағұлов, Ғ. Кенжебаев, Б. Көмеков, Мансура-Хайдар
(Үндістан), Р. Масов (Тәжікстан), Ә. Мұқтар, В. Плоских (Қырғызстан),
Ю. Петров (Ресей), О. Смағұлов, Сон Ен Хун (Оңтүстік Корея), Е. Сыдықов,
У. Фиерман (АҚШ), А.Чубарьян (Ресей)

Жауапты редактор:

З. Төленова

Редактор:

Р. Көбеев

Редакцияның мекен-жайы:

050100, Қазақстан Республикасы,
Алматы қ., Шевченко көшесі, 28,

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты,
«Edu.e-history.kz» электрондық ғылыми журналының редакциясы
Телефон: +7(727)272-47-59, E-mail: edu.history@bk.ru
Электрондық мекен-жай: <https://edu.e-history.kz/>

Ғылыми журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің
Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2014 ж. 29 қазанында тіркелген.

Тіркеу нөмірі № 14602-ИА. Жылына 4 рет жарияланады (электронды нұсқада).
Мақалаларды қайта бастырып жариялағанда, микрофильмге және басқа да көшірмелерге
түсіргенде міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет.

Учредитель и издатель:

«Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова»
Комитета науки Министерства образования и науки Республики Казахстан

Главный редактор

Абжанов Ханкелди Махматович

Редакционная коллегия:

Р. Абдуллаев (Узбекистан), Н. Аблажей (Россия), Б. Аяган, М. Абусеитова, С. Ажигали,
Н. Алимбай, Б. Байтанаев, К. Жумагулов, Г. Кенжебаев, Б. Комеков, Мансура-Хайдар
(Индия), Р. Масов (Таджикистан), А. Муктар, В. Плоских (Кыргызстан),
Ю. Петров (Россия), О. Смагулов, Сон Ён Хун (Южная Корея), Е. Сыдыков,
У. Фиерман (США), А. Чубарьян (Россия)

Ответственный редактор:

З. Толенова

Редактор:

Р. Кубеев

Адрес редакции:

050010, Республика Казахстан,
г. Алматы, ул. Шевченко, 28.

Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова,
«Edu.e-history.kz» Редакция электронного научного журнала
Телефон: +7(727)272-47-59, E-mail: edu.history@bk.ru
Сайт журнала: <https://edu.e-history.kz/>

Научный журнал зарегистрирован в Комитете связи, информатизации
и информации Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан,
свидетельство о регистрации: № 14602-ИА от 29.10.2014 г.

Публикуется 4 раза в год (в электронном формате).

При повторной публикации статей, съемке на микрофильмах
и других копиях необходимо обязательно ссылаться на журнал.

Founder and publisher:

“Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology”
of the Committee of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan

Editor-in-chief:

Abzhanov Hankeldi Mahmutovich

Editorial board:

R. Abdullaev (Uzbekistan), N. Ablazhey (Russia), B. Ayagan, M. Abuseytova, S. Azhigali,
N. Alimbai, B. Baitanaev, K. Zhumagulov, G. Kenzhebaev, B. Komekov,
Mansura-Khaidar (India), R. Masov (Tajikistan), A. Muktar, V. Ploskikh (Kyrgyzstan),
Y. Petrov (Russia), O. Smagulov, Song Yong Hoon (South Korea), E. Sydykov,
W. Fierman (USA), A. Chubaryan (Russia)

Executive editor:

Z. Tolenova

Editor:

R. Kobeev

Editorial address:

050010, Republic of Kazakhstan,
Almaty, 28 Shevchenko Str.
Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology,
«Edu.e-history.kz» Editorial electronic scientific journal
Phone: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59
E-mail: edu.history@bk.ru
Journal website: <https://edu.e-history.kz/>

The scientific journal is registered at the Committee for Communications,
Informatization and Information of the Ministry for Investments and Development
of the Republic of Kazakhstan, registration certificate:
No. 14602-IIA dated October 29, 2014. The journal is published
4 times a year (in electronic format).
When re-publishing articles, shooting on microfilm and other copies,
it is necessary to refer to the journal.

ӘОЖ 001(574)(092)

САҢЛАҚ ҒАЛЫМНЫҢ МҰРАСЫ: САНЖАР АСФЕНДИАРОВТЫҢ ШЫҒАРМАЛАР ЖИНАҒЫ ТУРАЛЫ

Жүнісбаев А.Ә.

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, ғылыми қызметкер, PhD докторант

Аңдатпа. Мақалада қазақ халқының ардақты азаматы, көрнекті қайраткер, тарихшы-ғалым Санжар Асфендияровтың 125-жылдық мерейтойына орай құрастырылып, жарыққа шыққан төрттомдық шығармалар жинағының құрылымы мен мазмұны жан-жақты баяндалған. Көлемі 80 баспа табаққа тең жинаққа ғалымның 1917-1937 жылдар аралығында жарияланған мақалалары мен баяндамалары, түрлі съездерде, мәжілістерде, басқосуларда сөйлеген сөздері, іргелі зерттеу еңбектері мен «Шатер мира» атты көркем шығармасы енгізіліп, ғылыми ескертпелер жасалынды. Сонымен қатар, аталған мақалада С. Асфендияровтың бірқатар ғылыми және публицистикалық еңбектерінің еңбей қалу себептері түсіндірілді. Қайраткердің ғылыми мұрасының көптомды жинақ ретінде жарыққа шығуы отандық тарих ғылымындағы «санжартану» бағытында жасалған маңызды әрі үлкен қадам деп тану керек.

Түйін сөздер. Санжар Асфендияров, ғалым, ғылыми мұра, жинақ, шығарма, тарих

НАСЛЕДИЕ ВИДНОГО УЧЕНОГО: О СБОРНИКЕ СОЧИНЕНИЙ САНЖАРА АСФЕНДИАРОВА

Джунисбаев А.А.

Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова, научный сотрудник, PhD докторант

Аннотация. В статье подробно описывается структура и содержание 4-томного собрания сочинений крупного общественно-политического и государственного деятеля, ученого, историка Санжара Асфендиярова, которое было выпущено к 125-летию юбилею со дня его рождения. В собрание вошли научное, творческое и публицистическое наследие: статьи, доклады, речи на съездах, собраниях, основные научные труды, а также художественное произведение «Шатер мира». Все четыре тома были оснащены научными комментариями, общий объем сборника равен 80 печатным листам. В статье приведены причины не включения в сборник ряда научных и публицистических статей С. Асфендиярова. Издание данного многотомного сборника следует считать важным шагом в отечественной исторической науке в деле изучения и познания научного наследия ученого.

Ключевые слова. Санжар Асфендияров, ученый, научное наследие, сборник, произведение, история

HERITAGE OF THE EMINENT SCHOLAR: ABOUT THE COLLECTION OF WORKS OF SANJAR ASFENDIAROV

Junisbayev A.A.

Institute of history and ethnology named after Ch.Ch. Valihanov, research fellow, PhD doctorate

Annotation. The article describes in detail the structure and content of the 4-volume collected works of major socio-political and statesman, scholar, historian Sanjar Asfendiarov, which was released to the 125th anniversary of his birth. The collection includes scientific, artistic and publicistic heritage: articles, reports, speeches at conferences, meetings, the major scientific works, as well as a

work of art «Tent of the World». All four volumes have been equipped with scientific commentaries; the total collection is 80 printed sheets. The article presents the reasons for non-inclusion of a number of S. Asfendiarov's scientific publications in the collection. The publication of a multivolume collection should be considered as an important step in the national historical science in the study and knowledge of the scholar's scientific heritage.

Keywords. Sanjar Asfendiarov, scholar, scientific heritage, collection of works, work, history

Кіріспе. 2014 жылдың 22 шілдесінде Қазақстан Республикасының Үкіметінің «Көрнекті мәдениет, мемлекет және қоғам қайраткерлерінің мерейтойларына дайындық және оларды өткізу туралы» қабылдаған №815 қаулыға [1] сәйкес былтыр елімізде қазақ халқының біртуар перзенті, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, тарихшы-ғалым, профессор Санжар Сейітжафарұлы Асфендиаровтың 125-жылдық мерейтойы мемлекеттік дәрежеде атап өтілді. Республикамыздың жер-жерінде ғалым мен қайраткердің мерейтойына арналған түрлі ғылыми іс-шаралар, конференциялар, дөңгелек үстелдер, көркемделген кітап көрмелері өткізілді, ғылыми журналдарда, мерзімді баспасөзде қайраткердің өмірі мен қызметіне арналған мақалалар жарық көрді [2]. Солардың ішінде, 2014 жылдың қазан айында Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасында ұйымдастырылған «Ер есімі – ел есінде» атты С. Асфендиаровты еске алу кешін [3], қайраткердің есімі берілген Қазақ ұлттық медициналық университетте өткен салтанатты жиынды, желтоқсанда Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтында «Санжар Асфендиаров және ұлттық тарих» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияны [4] ерекше атап өтуге болады. Жоғарыда аталған шаралар негізінен Санжар Асфендиаровтың есімін жас өспірім ұрпаққа таныту, оны дәріптеу, өмірі мен қызметінің белгісіз тұстарын таныту бағытында жүргізілді.

Үкімет қаулысының мерейтойға дайындық және оны өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарына қайраткердің төрттомдық шығармалар жинағын жарыққа шығару да арнайы тармақпен енгізілген болатын. Аталып өткен торқалы мерейтойдың басты нәтижелерінің бірі – Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының тікелей жетекшілік етуімен жарыққа шыққан қайраткердің төрттомдық шығармалар жинағының жарық көруі еді. Аталған жинақ Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару» бағдарламасы аясында 2014 жылдың аяғында «Ел-шежіре» баспасынан жарық көрді. Жинақты баспаға жауапты құрастырушылар ретінде Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА мүше-корреспонденті Х.М. Әбжанов және ғылыми қызметкер, санжартанушы А.Ә. Жүнісбаев даярлады.

Санжар Асфендиаровтың шығармалар жинағының бірінші томына қайраткердің 1917-1929 жылдар аралығында мерзімді баспасөзге жарияланып, Түркістан және Қазақ автономиялы республикаларында, сондай-ақ РКФСР-де жүргізілген ұлттық-мемлекеттік құрылыстың, шығыстану ғылымының өзекті мәселелеріне қатысты арнап жазған мақалалары, әр түрлі съездер мен мәжілістерде жасаған баяндамалары енді. Сонымен қатар, бұл жинаққа 1928 жылы Ташкент қаласында жарық көрген С. Асфендиаровтың «Материалы к изучению Востока. Часть I. Причины возникновения ислама» атты тұңғыш ғылыми еңбегі де кірді.

Қайраткер өмір сүрген дәуірінің ерекшелігін ашып көрсету мақсатында томға енген барлық шығармалардың мәтіндері өзгеріссіз, яғни түпнұсқа күйінде беріліп, хронологиялық тәртіпте келтірілді. Оқырманға түсінікті болу үшін жинақта автордың шығармаларында өзі берген ескертпелері жол асты сілтеме ретінде келтірілген болса, мақалалар мен баяндамаларға жасалынған ескертпелер жинақтың соңында жеке топтастырылған. Томға енген мақалалардың басым көпшілігі орыс тілінде, өйткені С. Асфендиаров қазақ тілін жетік білгеніне қарамастан, өз шығармаларын негізінен орыс тілінде жазып, жариялап отырған. Жинақтағы автордың

қазақ тіліндегі мақалалары – баспасөз қызметкерлері тарапынан аударылып, жергілікті тілдегі мерзімді басылымдарда жарық көрген нұсқалары болып табылады.

Сонымен қатар, С. Асфендияровтың 1917-1929 жылдар аралығында мерзімді баспасөзде жарық көріп, бұл томға әр түрлі себептердің салдарынан енбей қалған мақалалар бар. Оларды негізгі екі топқа бөліп қарастыруға болады. Бірінші топқа мақаланың мәтіндерімен газет парағының қатты ескіріп, әріптердің өшіп қалу салдарынан оқып танысуға мүмкін болмаған шығармалар кіреді. Мұндай мақалалардың қатарына қайраткердің 1921 жылы 29 наурызда «Известия» газетасында жарияланған «Путь раскрепощения киргизской бедноты» атты мақаласы (сандық көшірмесі Ә. Науаи атындағы Өзбекстан Республикасының Ұлттық кітапханасынан алынды) және 1921 жылы 29 наурызда «Известия» газетасында жарияланған «Путь раскрепощения киргизской бедноты» атты мақаласының және «Советская степь» газетінің 1926 жылдың 6 қарашасында жарық көрген «Только Октябрь открыл дорогу к братству народов» атты мақаласы (көшірмесі Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасының сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар қорында сақталынып қалған микрофильмделінген топтамадан) алынды.

Жинаққа енбей қалған шығармалардың келесі тобын қайраткердің 1920 және 1922 жылдары «Иштракиун» газетінде және «Инқилаб» журналында араб графикасымен жазылып, ескі өзбек тілінде жарық көрген мақалалары құрайды. Егер «Иштракиун» газетіндегі С. Асфендияровтың «Мұсылман халқына» атты мақаласы тек өзбек тілінде ғана жарияланған болса, «Инқилаб» журналындағы 6 мақаласы орыс тілінде жарық көрген мақалалардан аударылған нұсқалар болып табылады. Осы себептен құрастырушылар бұл санаттағы мақалаларды томға енгізбеуді жөн деп тапты.

Бірінші томға енген С. Асфендияровтың 41 шығармасы оның әр түрлі жылдары алдымен Түркістанда, артынан Мәскеу мен Қазақстанда атқарған сан-салалы қоғамдық-саяси, мемлекеттік және ғылыми-педагогикалық қызметі туралы көрініс беріп қана қоймай, қайраткердің өмір сүрген қайшылыққа толы дәуірдің ішкі мән-мазмұны мен сипатын ашып бере алады [5].

Санжар Асфендияровтың шығармалар жинағының екінші томына 1929-1937 жылдар аралығында қайраткердің қаламынан шыққан туындылар енді. Егер алғашқы томға кірген шығармалар қайраткердің өмірі мен қызметінің түркістандық (1889-1925 жж.) және мәскеулік (1925-1928 жж.) кезеңдерінде жарияланған болса, екінші томға енген шығармалардың барлығы Қазақстандық кезеңге (1928-1938 жж.) жатады. Бұл томға С. Асфендияровтың «Советская степь», «Казахстанская правда», «Лениншіл жас», «Социалистік Қазақстан» газеттерінде, «Жаңа мектеп», «Атеист», «Народное хозяйство Казахстана», «Большевик Казахстана» журналдарында жарық көрген 20 мақаласы, әр түрлі жиындар мен басқосуларда сөйлеген сөздері, В.В. Бартольд пен С. Агамалы-оғлыға арнап жазған азаматалары, 1935 жылы жарияланған «Шатер мира» атты тұңғыш әрі дара көркем шығармасы, сондай-ақ 1936 жылы жарық көрген «Қазақстан» атты кітаптың құрамына енген «Историческое прошлое Казахстана» атты қысқаша очеркісі кірді.

Жоғарыда аталған шығармалармен қатар, 1928-1938 жылдар аралығында мерзімді баспасөзде жарық көріп, бұл томға әр түрлі себептердің салдарынан кірмей қалған мақалалар да бар. Мұндай санаттағы шығармаларды негізгі екі топқа бөліп қарастыруға болады. Алғашқы топқа Санжар Асфендияровтың әр түрлі жиындар мен басқосуларда сөйлеген сөздері; олар газеттерде өте ықшам күйінде жарияланып, қысқа көлемділігіне және толық мәлімет бере алмайтындығына байланысты томға қосылмады. Мысалы, Санжар Асфендияровтың 1935 жылы мамырда Алматы қаласында өткен оқу екпінділерінің съезінде сөйлеген сөзі «Лениншіл жас» газетінің сол жылғы 11 мамырындағы санында қысқартылған түрінде берілгендіктен осы томға енгізілмеді. Сондай-ақ, бұл томға қайраткердің 1937 жылы наурыз айында Алматыда өткен қалалық партия ұйымы активінің жиналысында Қазақстан КП(б) бірінші хатшысы Л. Мирзоянның баяндамасы бойынша орын алған жарыссөзде

ғылыми кадрларды даярлауға қатысты білдірген пікірі де кіргізілмеді. Аталған жиналыстың қысқартылған стенограммасы, соның ішінде С. Асфендиаровтың сөзі өте ықшам күйінде (бір шағын абзац көлемінде) «Казахстанская правда» газетінің 1937 жылы 30 наурызындағы санында жарияланған. Томға енбей қалған шығармалардың екінші тобын Санжар Асфендиаровтың алдымен мерзімді баспасөзде орыс тілінде жарық көріп, артынан газет қызметкерлері тарапынан қазақ тіліне аударылып жариялаған мақалалары құрайды. Мұндай мақалалардың қатарына С. Асфендиаровтың «Социалистік Қазақстан» газетінің 1936 жылы 23 мамырдағы санында жарық көрген «Қазақ» және осы газеттің 1937 жылы 8 мамырында «Апрель конференциясы» атты мақалалары кіреді.

С. Асфендиаровтың өмірі мен қызметін зерттеумен айналысқан ғалым-тарихшылардың бірқатары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық Кітапханасының сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар қорында сақтаулы тұрған газеттер мен журналдардағы материалдарды жүйелендірумен және оларды айналымға тартумен айналысатын қызметшілер осы күнге дейін 1937-1938 жылдары қазақ тілді мерзімді баспасөзде жарияланған Сәду Асфендиаровтың мақалаларын Санжар Асфендиаровқа қате жатқызып келді. Өткен ғасырдың 30-40-шы жылдары Қазақстанның мәдениет пен өнер саласында қызмет етіп, бірнеше жыл бойы Қазақ Мемлекеттік драма театрын басқарған Сәду Асфендиаровтың «Ауыл коммунисті», «Қазақ әдебиеті» «Социалистік Қазақстан», «Ауыл мұғалімі», «Лениншіл жас» сынды ұлттық басылымдарда «Қазіргі колхоз театрлары», «Қазақ пластинкесі», «Жүрер алдында», «Қазақ ән-күйлерінің пластинкеде басылып шығуы – көркемөнер жұмысындағы бір жетістігіміз», «Аманкелді» (Ғ. Мүсіреповтың «Аманкелді» пьесасы қазақтың М. Әуезов атындағы Мемлекеттік драма театрында) атты мақалалардың Санжар Асфендиаровқа еш қатысы жоқ. Газет және журнал беттерінде мақала авторының фамилиясы көрсетілгенімен («Асфендиаров» («Аспандиаров») – латын графикасымен қазақ тілінде жазылған), есімі қысқартылған инициал күйінде берілуі кітапхана қызметшілерін және тарихшыларды еріксіз шатастыруға мәжбүрлетті деген қорытындыға келуге болады. Сонымен қатар, 1938 жылы 25 ақпанда Санжар Асфендиаровтың сталиндік қуғын-сүргіннің жазықсыз жапа шеккен құрбанына айналып, өмірден озғаннан кейін де қазақ тілді мерзімді баспасөзде авторы «С. Аспандиаров» деп көрсетілген бірнеше мақалалар жарық көрген, мысалы: «Шымкент мектептерінде тексеру сынының барысы» («Социалистік Қазақстан». – 1940. – 1 июнь), «Жаңа алфавитке көшуді кешеуілдетуге болмайды» («Лениншіл жас». – 1941. – 15 май) және т.б. Демек, аталған мақалалар Сәду Асфендиаровтың қаламынан шыққан туындылар болып, біздің жоғарыда алға тартқан пікірімізді толықтай дәлелдейді.

Екінші томға енген Санжар Асфендиаровтың мақалалары мен баяндамалары, көркем туындысы, ғылыми-көпшілік жанрындағы шығармалары оның Қазақстанда әр түрлі жылдары атқарған сан-салалы қоғамдық-саяси, мемлекеттік және ғылыми-педагогикалық қызметі туралы жарқын көрініс бере алады [6].

Тарихшы-ғалым, профессор Санжар Асфендиаровтың шығармалар жинағының үшінші томына оның 1935 жылы жарық көрген «История Казакстана (с древнейших времен)» атты ғылыми еңбегі кірді. Аталған кітап отандық тарих ғылымында қазақ халқының көне заманнан бері 1917 жылғы Ақпан революциясына дейінгі тарихын қамтыған алғаш кешенді әрі толыққанды зерттеу еңбегі болды. Профессор С. Асфендиаров бұл ғылыми туындысында қазақ халқының тарихын кеңес билігі тұсында үстем етіп тұрған маркстік-лениндік ұстанымдардың тұрғысынан қарастыруға алғаш талпыныс жасады.

С. Асфендиаровтың 1938 жылы сталиндік қуғын-сүргіннің жазықсыз жапа шеккен құрбанына айналып, «халық жауы» деп негізсіз айыпталуына байланысты ғалым-тарихшылар көпке дейін оның бай ғылыми-тарихи және шығармашылық мұрасымен танысу мүмкіндігіне қол жеткізе алмады. Кеңес билігі тұсында С. Асфендиаровтың оның ғылыми еңбектерімен танысуға ресми түрде тыйым салынды. Осы себептен кеңес дәуірі кезінде көптеген ғалым-зерттеушілерге, көпшілік қауымға С. Асфендиаровтың осы ғылыми еңбегі бейтаныс болып

келді. Тек XX ғасырдың 80-ші жылдардың ортасында орын алған жариялылық, әсіресе тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында отандық ғалымдар қазақ халқының тарихын зерттеуге елеулі үлес қосқан С. Асфендиаровтың бұл еңбегімен, оның ғылыми көзқарастарымен етене танысу мүмкіндігіне қол жеткізді. Соның дәлелі ретінде, 1993 жылы профессор Ә. Такеновтың редакциясымен С. Асфендиаровтың аталмыш еңбегі қайта жарыққа шығып, қалың оқырманға жол тапты.

С. Асфендиаров осы кітабын оның шығармалар жинағының үшінші томына қосудың өз себептері бар. Біріншіден, кітаптың алғашқы жарияланғанына 80 жылға жуық өткеніне және онда қазақ халқының тарихы маркстік-лениндік ұстанымдардың негізінде жазылғанына қарамастан, бұл еңбек осы күнге дейін өзінің ғылыми құндылығын жойған жоқ. Өйткені, ғалым кеңестік тарих ғылымында алғаш рет қазақ халқының тарихын дәуірлеу мәселесін көтеріп, тың мұрағат құжаттарының және бай фактологиялық материалдардың негізінде әрбір дәуіріне жеке-жеке тоқталып өтті. Осы күнге дейін қазақ халқының тарихын зерттеумен айналысатын көптеген ғалым-тарихшылар профессор С. Асфендиаровтың осы кітапта алға тартқан ғылыми ойлары мен пікірлеріне арқа сүйеп жүр. Екіншіден, 1935 жылы жарияланған бұл зерттеу еңбегі осы күнде сирек басылымға айналып, республикалық кітапханалардың сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар қорларында сақтаулы тұр. Сондықтан да, көпшілік қауымның, әсіресе әр түрлі жоғары оқу орындарында білім алып жатқан жастардың алғашқы басылыммен танысуға қолы жете бермейді. Үшіншіден, Ә. Такеновтың редакциясымен қайта жарияланған 2-ші басылымда 1935 жылғы шыққан басылымдағы кіріспе бөлім алынып, оның орнына С. Асфендиаровтың өмірі мен қызметі туралы қысқаша очерк берілді. Сонымен қатар, 1993 жылғы басылым студенттерге арналған оқулық ретінде қайта басылып шыққандықтан, түпнұсқа мәтініне бірқатар өзгерістер енгізіліп, орыс тілінде қате жазылған терминдердің дұрыс жазылған нұсқасы келтірілді. Бұл жолғы басылымда құрастырушылар қайраткер өмір сүрген тарихи дәуірдің ерекшелігін ашып көрсету мақсатында жинаққа енген С. Асфендиаровтың «История Казахстана (с древнейших времен)» атты ғылыми туындысының мәтіні еш өзгеріссіз қалдырды. Төртіншіден, оқырманға түсінікті болу үшін кітапта автордың өзі келтірген ескертпелер жол асты сілтеме ретінде берілген болса, этнонимдерге, әр түрлі тарихи терминдер мен түсініктерге жасалған ескертпелер томның соңында жеке топтастырылған. Оқырманның назарын аударатын тағы бір жайт, жинақтың көлемін негізсіз арттырмау мақсатында алғашқы екі томда келтірілген ескертпелер бір-бірін қайталамайды [7].

Санжар Асфендиаровтың шығармалар жинағының соңғы төртінші томы екі үлкен бөлімнен тұрады. «Ғалым мұрасы» деп аталын бірінші бөлімге Санжар Асфендиаровтың қаламынан шыққан соңғы монографиялық зерттеу еңбегі – «Национально-освободительное восстание 1916 года в Казахстане» атты кітабы кірді. Аталған еңбек XX ғасырдың басында Дала және Түркістан өлкелерін дүр сілкіндірген 1916 жылғы көтерілістің жиырма жылдық мерейтойына орайластырылып 1936 жылы алдымен орыс тілінде, артынан қазақ тілінде баспадан жарық көрді. Егер С. Асфендиаров «История Казахстана (с древнейших времен)» атты кітабында бұл күрделі ғылыми мәселені бір тараудың көлемінде ашып көрсетуге ұмтылған болса, бір жылдан соң осы бағыттағы жұмыстарын тереңдете түсіріп, кеңестік тарихнамада алғаш рет 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске толықтай бір монография арнаған болатын. Бай мұрағат деректерінің және фактологиялық материалдың негізінде жазылған ғалымның бұл зерттеу еңбегі өзінің ғылыми құндылығын жоғалта қойған жоқ, себебі екі жылдан соң елімізде 1916 жылғы көтерілістің 100-жылдық мерейтойы аталып өтетіндігіне қарамастан, бұл мәселенің әлі де толыққанды зерттеуді қажет ететін ақтандақ тұстары баршылық. Бұл ретте Санжар Асфендиаровтың аталған кітабында келтірілген мәліметтер, ғалымның тұжырымдары мен ғылыми ой-пікірлері көптеген ғалым-зерттеушілерге арқау бола алатыны еш талас тудырмайды. Сонымен қатар, С. Асфендиаровтың негізгі ғылыми еңбектері өткен ғасырдың 90-шы жылдары қайта жарияланып, қалың оқырманға жол тапқан

болса, бұл монографиялық еңбегі әлі күнге дейін республикалық кітапханалардың сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар қорларында сақтаулы тұр. Қайраткердің төрттомдық шығармалар жинағының аясында аталған еңбектің алғаш рет қайта жарық көруі, сондай-ақ оның ғылыми негізде жасалған ескертпелермен қамтамасыз етілуі ең алдымен онымен көпшілік қауымға, жас ұрпаққа өз бетімен танысуға мүмкіндік беретіні айқын.

Төртінші томның «Ғалым туралы зерттеулер» деп аталатын екінші бөліміне құрастырушылар Санжар Асфендияровтың өмірі мен қызметіне қатысты арналып жазылған ғылыми мақалаларды қосуды жөн деп тапқан. Өйткені қайраткер шығармалар жинағының соңғы томында оқырман қауым ғалым-тарихшылар Рамазан Сүлейменовтың, Хангелді Әбжановтың, Мадирим Махмұдовтың, Дәмен Дінасыловтың, Ордалы Қоңыратбаевтың, Алмас Жүнісбаевтың зерттеулерімен танысу арқылы Санжар Асфендияровтың ұлт бостандығы үшін күреске толы өмірі, сан-салалы қоғамдық-саяси, мемлекеттік және ғылыми-педагогикалық қызметі, қайраткердің тұлғалық келбеті туралы жан-жақты әрі мол мәлімет ала алады [8].

Аталған жинақтың тұсаукесері 2014 жылдың 23 желтоқсанында Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтында өткен «Санжар Асфендияров және ұлттық тарих» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияда өтті.

Қайраткердің ғылыми мұрасының көптомды жинақ ретінде жарыққа шығуы отандық тарих ғылымындағы «санжартану» бағытында жасалған маңызды әрі үлкен қадам деп тану керек. Өйткені, Санжар Асфендияровтың есімімен Қазақстандағы ғылымның, мәдениеттің, оқу-ағарту саласының, жоғары білім берудің толықтай бір даму кезеңі байланысты. Оның қажырлы еңбегінің арқасында елімізде жоғары оқу орындары мен ғылыми мекемелер, кітапханалар, мұражайлар, мектептер ашылып, Қазақстан тарихының өзекті мәселелеріне арналған кешенді зерттеу еңбектері, көлемді ғылыми мақалалар жарық көріп, қазақ халқының бай рухани мұрасы жинақталды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P1400000815>

2 Әбсаттаров Р.Б. Санжар Асфендияров – қазақтың көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, саясаткер, ағартушы, ғалым // Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы. Әлеуметтану және саяси ғылымдар сериясы = Вестн. КазНПУ им. Абая. Сер. социол. и полит. науки. – 2014. – №4. – 103-109 б.; Аубакирова Қ.Ш. Санжар Асфендияровтың туғанына 125 жыл // Қазақ Білім Академиясының баяндамалары = Доклады Казахской Академии Образования. – 2014. – № 3/4. – 249-250 б.; Ахметов М. Санжар Асфендияров // Денсаулық. – 2014. – №10. – 14-15 б.; Дюсенова Н.К. Санжар Асфендияровтың тарих ғылымын дамытудағы рөлі (125 жас толуына орай) // Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы. Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар сериясы = Вестн. КазНПУ им. Абая. Сер. Исторические и соц.-полит. науки. – 2014. – №2. – 111-114 б.; Еспенбетова А.М. Санжар Асфендияровтың қоғамдық және ғылыми қызметі // Жұбанов Қ. атын. Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің хабаршысы = Вестник Актюбинского регионального гос. ун-та им. К.Жубанова. – 2014. – №4. – 76-82 б.; Жүнісбаев А.Ә. Санжар Асфендияров – РКФСР БОАК төралқасы жанындағы ұлттар бөлімінің меңгерушісі (1925-1927 жж.) // Қазақстан мұрағаттары. – 2014. – № 1. – 59-71 б.; Жүнісбаев А.Ә. Санжар Асфендияров - Қазақ АКСР-нің Орта Азиядағы өкілетті өкілі (1924-1925 жж.) // Тарих тағылымы = Уроки истории.- 2014.- № 1.- 11-16 б.; Аканов А. Аристократ духа, опередивший время // Казахстанская правда. – 2014. – 18 октября және т.б.

3 Тажикова А. Тағылымды тағдыр туралы сөз // Түркістан. – 2014. – 16 қазан (<http://archive.turkystan.kz/articles/view/59568>).

4 «Санжар Асфендияров және ұлттық тарих» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары // II-ші Нүсіпбеков оқулары. Алматы қ., 22-26 желтоқсан 2014 ж. – Алматы: «Елтаным баспасы», 2014. – 52-172 б.

5 Санжар Асфендияров: төрттомдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ел-шежіре, 2014. – 4-т. – 368 б.

6 Санжар Асфендияров: төрттомдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ел-шежіре, 2014. – 4-т. – 376 б.

7 Санжар Асфендияров: төрттомдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ел-шежіре, 2014. – 4-т. – 408 б.

8 Санжар Асфендияров: төрттомдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ел-шежіре, 2014. – 4-т. – 408 б.

References

1 <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P1400000815>

2 A'bsattarov R.B. Sanjar Asfendiyarov – qazaqting ko'rnekti qogham ja'ne memleket qayratkeri, sayasatker, aghartwshi', ghali'm // Abay ati'ndaghi' QazUPW-di'ng Habarshi'si'. A'lewmettanw ja'ne sayasi' ghi'li'mdar seri'yasi' = Vestn. KazNPU im. Abaya. Ser. sociol. i polit. nawki. – 2014. – №4. – 103-109 b.; Awbakirova Q.Sh. Sanjar Asfendiyarovting twghani'na 125 ji'l // Qazaq Bilim Akademiyasi'ni'ng bayandamaları' = Dokladi' Kazahskoy Akademi'i" Obrazovani"ya. – 2014. – № 3/4. – 249-250 b.; Ahmetov M. Sanjar Asfendiyarov // Densawli'q. – 2014. – №10. – 14-15 b.; Dyusenova N.K. Sanjar Asfendiyarovti'ng tarih ghi'li'mi'n dami'twdaghi' ro'li (125 jas tolwi'na oray) // Abay ati'ndaghi' QazUPU-di'ng Habarshi'si'. Tari'h ja'ne sayasi'-a'lewmettik ghi'li'mdar seri'yasi' = Vestn. KazNPU im. Abaya. Ser. Istoricheskie i soc.-polit. nawki. – 2014. – №2. – 111-114 b.; Espenbetova A.M. Sanjar Asfendiyarovti'ng qoghamdi'q ja'ne ghi'li'mi' qi'zmeti // Jubanov Q. ati'n. Aqto'be o'ngirlik memlekettik universitetining habarshi'si' = Vestnik Aktyubinskogo regionalnogo gos. un-ta im. K. Jubanova. – 2014. – №4. – 76-82 b.; Junisbaev A.A'. Sanjar Asfendiyarov – RKFSR BOAK to'ralqasi' jani'ndaghi' ulttar bo'limining menggerwshisi (1925-1927 jj.) // Qazaqstan muraghattari'. – 2014. – № 1. – 59-71 b.; Ju'nisbaev A.A'. Sanjar Asfendiyarov – Qazaq AKSR-ning Orta Aziyadaghi' o'kiletti o'kili (1924-1925 jj.) // Tarih taghi'li'mi' = Uroki istorii. – 2014. – №1. – 11-16 b.; Akanov A. Aristokrat duha, operedivshiy vremya // Kazhastanskaya pravda. – 2014. – 18 oktyabrya ja'ne t.b.

3 Tajikova A. Taghi'li'mdi' taghdi'r twrali' so'z // Tu'rkistan. – 2014. – 16 qazan (<http://archive.turkystan.kz/articles/view/59568>).

4 «Sanjar Asfendiyarov ja'ne ultti'q tarih» atti' hali'qarali'q ghi'li'mi' –teoriyali'q konferenciya materialdari' // II-shi Nu'sipbekov oqulari'. – Almati' q., 22-26 jeltoqsan 2014 j. – Almati': «Eltani'm baspasi'», 2014. – 52-172 b.

5 Sanjar Asfendiyarov: to'rttomdi'q shi'gharmalar jinaghi'. – Almati': El-shejire, 2014. – 4-t. – 368 b.

6 Sanjar Asfendiyarov: to'rttomdi'q shi'gharmalar jinaghi'. – Almati': El-shejire, 2014. – 4-t. – 376 b.

7 Sanjar Asfendiyarov: to'rttomdi'q shi'gharmalar jinaghi'. – Almati': El-shejire, 2014. – 4-t. – 408 b.

8 Sanjar Asfendiyarov: to'rttomdi'q shi'gharmalar jinaghi'. – Almati': El-shejire, 2014. – 4-t. – 408 b.

МАЗМҰНЫ

Абдимомынов Н.Т. МИХАИЛ VIII ПАЛЕОЛОГ БИЛІГІ КЕЗЕҢІНДЕГІ (1261-1282) ВИЗАНТИЯНЫҢ АЛТЫН ОРДАМЕН САЯСИ БАЙЛАНЫСТАРЫ	7
Абдимомынов Н.Т. ТОҚТАМЫСТЫҢ ТЕМІРМЕН ҚҰНДЫЗША (1391 ж.) ЖӘНЕ ТЕРЕК (1395 ж.) ӨЗЕНДЕРІНДЕГІ ШАЙҚАСТАРЫНЫҢ ТАРИХЫ	16
Атығаев Н.Ә. «ҚОЗЫ БАСЫ» МЕКЕНІНІҢ ОРНАЛАСУ МӘСЕЛЕСІ ЖӨНІНДЕ	30
Атығаев Н.Ә. ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ЕУРАЗИЯ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ЖҮЙЕСІНДЕ ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ: ДЕРЕКТЕР ТЕРМИНОЛОГИЯСЫ МЕМЛЕКЕТ ТАРИХЫНЫҢ КӨРІНІСІ РЕТІНДЕ	40
Баудиярова Қ.Б. ОТБАСЫ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫН ЗЕРТТЕУ	51
Өрісәлі Дүйсен ҚИМАҚТАРДЫҢ ШЫҒУ ТЕГІ ТУРАЛЫ КӨЗҚАРАСТАР	59
Ескекбаев Д.Б. МӘСКЕУ МҰРАҒАТТАРЫНДАҒЫ ТАРИХИ ЖӘДІГЕРЛЕР	63
Жайлыбаев Д.Ж. АУЫЛ ҚАУЫМЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЭТНОӘЛЕУМЕТТІК РӨЛІ	70
Жүнісбаев А.Ә. САҢЛАҚ ҒАЛЫМНЫҢ МҰРАСЫ: САНЖАР АСФЕНДИАРОВТЫҢ ШЫҒАРМАЛАР ЖИНАҒЫ ТУРАЛЫ	93
Ибрагимов М.Н., Нусупбаева С.А. ТЕМІР ҰРПАҚТАРЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ	100
Нұрмұханбетов Б., Амаргазиева А.Ж. «ҚОЗЫ КӨРПЕШ – БАЯН СҰЛУ» ЭПОСЫ КӨНЕ ДҮНИЕНІҢ КЕСКІНДЕМЕЛІ ҚОЛДАНБАЛЫ ӨНЕРІНДЕ	107
Омаров Ғ.Қ., Куркеев Е.М. БҰҒЫТАСТАРДЫҢ ЭТНИКАЛЫҚ СИПАТЫ	111
Омарова Г.А. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ХАЛҚЫ (тарихи-демографиялық талдау)	123
Омарова Г.А. АЛМАТЫ ХАЛҚЫНЫҢ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ДАМУЫ	128

Рахымқұлов Д.А.

ҚАЗАҚ БАЛАЛАРЫ БІЛІМ АЛҒАН ГИМНАЗИЯЛАР ЖӨНІНДЕ

(XIX ғасырдың екінші жартысы - XX ғасырдың басы)137

Рахымқұлов Д.А.

ӘШЕКЕЙ БАТЫР ДАЙЫРБЕКУЛЫ ЖӘНЕ ЖЕТІСУДАҒЫ АЗАТТЫҚ КҮРЕС144

Рүстемов С.К.

ҚАЗАҚТАР ЖӘНЕ ОСМАНДЫҚ ТҮРІКТЕР:

ӨЗАРА БАЙЛАНЫСТАРЫ ТАРИХЫНАН165

Сарсенов С.А., Муканбедиева Г.К.

БӨКЕЙ ОРДАСЫНДА АЛҒАШҚЫ МЕКТЕПТЕРДІҢ ҚҰРЫЛА БАСТАУЫ180

Уайсова Ш.Н.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ШЫҒЫС ЕЛДЕРІМЕН

ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ МӘДЕНИ БАЙЛАНЫСТАРЫ193

СОДЕРЖАНИЕ

Абдимомынов Н.Т. ПОЛИТИЧЕСКИЕ СВЯЗИ ВИЗАНТИИ С ЗОЛОТОЙ ОРДОЙ В ПЕРИОД ПРАВЛЕНИЯ МИХАИЛА VIII ПАЛЕОЛОГА (1261-1282)	7
Абдимомынов Н.Т. ИСТОРИЯ СРАЖЕНИЙ ТОХТАМЫША С ТИМУРОМ НА РЕКАХ КУНДУЗЧА (1391 г.) И ТЕРЕК (1395 г.)	16
Атыгаев Н.А. К ВОПРОСУ О РАСПОЛОЖЕНИИ МЕСТНОСТИ «КОЗЫ БАСЫ»	30
Атыгаев Н.А. КАЗАХСКОЕ ХАНСТВО В СИСТЕМЕ МЕЖДУНАРОДНЫХ ОТНОШЕНИЙ ЕВРАЗИИ	40
Атыгаев Н.А. КАЗАХСКОЕ ХАНСТВО: ТЕРМИНОЛОГИЯ ИСТОЧНИКОВ КАК ОТРАЖЕНИЕ ИСТОРИИ ГОСУДАРСТВА	51
Баудиярова К.Б. ИССЛЕДОВАНИЕ СТАБИЛЬНОСТИ СЕМЬИ	59
Орисали Дуйсен ВЗГЛЯДЫ НА ПРОИСХОЖДЕНИЕ КИМАКОВ	63
Ескекбаев Д.Б. ИСТОРИЧЕСКИЕ АРТЕФАКТЫ В АРХИВАХ МОСКВЫ	70
Жайлыбаев Д.Ж. СЕЛЬСКАЯ ОБЩИНА И ЕЕ ЭТНОСОЦИАЛЬНАЯ РОЛЬ	93
Жунисбаев А.А. НАСЛЕДИЕ ВЫДАЮЩЕГОСЯ УЧЕНОГО: О СБОРНИКЕ СОЧИНЕНИЙ САНЖАРА АСФЕНДИАРОВА	100
Ибрагимов М.Н., Нусупбаева С.А. ИССЛЕДОВАНИЕ ТРУДОВ ПОТОМКОВ ТИМУРА	107
Нурмуханбетов Б., Амаргазиева А.Ж. ЭПОС «КОЗЫ КОРПЕШ – БАЯН СУЛУ» В ПРИКЛАДНОМ ЖИВОПИСНОМ ИСКУССТВЕ ДРЕВНЕГО МИРА	111
Омаров Г.К., Куркеев Е.М. ЭТНИЧЕСКИЙ ХАРАКТЕР ОЛЕННЫХ КАМНЕЙ	123
Омарова Г.А. НАСЕЛЕНИЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН (историко-демографический анализ)	128

Омарова Г.А. ДЕМОГРАФИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ НАСЕЛЕНИЯ АЛМАТЫ	137
Рахымкулов Д.А. О ГИМНАЗИЯХ, ГДЕ ОБУЧАЛИСЬ КАЗАХСКИЕ ДЕТИ (вторая половина XIX - начало XX вв.)	144
Рахымкулов Д.А. АШЕКЕЙ БАТЫР ДАЙЫРБЕКУЛЫ И ОСВОБОДИТЕЛЬНАЯ БОРЬБА В ЖЕТЫСУ	165
Рустемов С.К. КАЗАХИ И ОСМАНСКИЕ ТУРКИ: ИЗ ИСТОРИИ ВЗАИМООТНОШЕНИЙ	180
Сарсенов С.А., Муканбедиева Г.К. НАЧАЛО СОЗДАНИЯ ПЕРВЫХ ШКОЛ В БУКЕЕВСКОЙ ОРДЕ	193
Уайсова Ш.Н. НАУЧНЫЕ И КУЛЬТУРНЫЕ СВЯЗИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН СО СТРАНАМИ ВОСТОКА	199

CONTENTS

Abdimomynov N.T. POLITICAL RELATIONS OF BYZANTIUM WITH THE GOLDEN HORDE DURING THE REIGN OF MICHAEL VIII PALAIOLOGOS (1261-1282)	7
Abdimomynov N.T. THE HISTORY OF TOKHTAMYSH'S BATTLES WITH TIMUR ON THE KUNDUZCHA (1391) AND TEREK (1395) RIVERS	16
Atygayev N.A. ON THE ISSUE OF THE LOCATION OF THE "KOZY BASY" AREA	30
Atygayev N.A. THE KAZAKH KHANATE IN THE SYSTEM OF INTERNATIONAL RELATIONS OF EURASIA	40
Atygayev N.A. KAZAKH KHANATE: TERMINOLOGY OF SOURCES AS A REFLECTION OF STATE HISTORY	51
Baudiyarova K.B. RESEARCH ON FAMILY STABILITY	59
Orisali Duisen VIEWS ON THE ORIGIN OF THE KIMAKS	63
Yeskekbayev D.B. HISTORICAL ARTIFACTS IN MOSCOW ARCHIVES	70
Zhailybayev D.Zh. THE RURAL COMMUNITY AND ITS ETHNO-SOCIAL ROLE	93
Zhunisbayev A.A. THE LEGACY OF AN OUTSTANDING SCHOLAR: ON THE COLLECTION OF WORKS OF SANZHAR ASFENDIAROV	100
Ibragimova M.N., Nusupbayeva S.A. RESEARCH ON THE WORKS OF TIMUR'S DESCENDANTS	107
Nurmukhanbetov B., Amargaziyeva A.Zh. THE EPIC "KOZY KORPESH - BAYAN SULU" IN THE APPLIED PAINTING ART OF THE ANCIENT WORLD	111
Omarov G.K., Kurkeyev Y.M. THE ETHNIC CHARACTER OF DEER STONES	123
Omarova G.A. THE POPULATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN (Historical and Demographic Analysis)	128

Omarova G.A. DEMOGRAPHIC DEVELOPMENT OF THE POPULATION OF ALMATY	137
Rakhymkulov D.A. ON THE GYMNASIUMS WHERE KAZAKH CHILDREN STUDIED (second half of the 19th - early 20th centuries)	144
Rakhymkulov D.A. ASHEKEY BATYR DAIYRBEKULY AND THE LIBERATION STRUGGLE IN ZHETYSU	165
Rustemov S.K. KAZAKHS AND OTTOMAN TURKS: FROM THE HISTORY OF MUTUAL RELATIONS	180
Sarsenov S.A., Mukanbediyeva G.K. THE BEGINNING OF THE ESTABLISHMENT OF THE FIRST SCHOOLS IN THE BUKEY HORDE	193
Uaysova Sh.N. SCIENTIFIC AND CULTURAL CONNECTIONS OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN WITH THE COUNTRIES OF THE EAST	199

EDU.E-HISTORY.KZ

Электрондық ғылыми журналы
2017. 2(10)

Бас редактор: Қабылдинов З.Е.

Компьютерде беттеген: Зикирбаева В.С.

Жарияланған күні: 30.06.2017.
Пішімі 70x100/16. Баспа табағы 26,6.

Құрылтайшысы және баспагері:

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Редакция мен баспаның мекен-жайы:

050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй

ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru.

Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТжЭИ басылған:

050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй